

Ислам ЖЕМЕНЕЙ

### БАБЫР БЕЙНЕСІ ӘЛЕМ ШАРЫНДА

*В статье автор ведет широкий обзор об исторической роли Захереддина Бабура и о его всемирно известном произведении «Бабурнаме».*

*Yazar makalesinde Zahiruddin Babir'in tarihte alan yeri ve onun ünlü "Babirnamesi" hakkındaki incelemelere geniş yer verir.*

1483 жылы ақпанның 14-і күні Ферғананың билеушісі, Әмір Темірдің бесінші ұрпағы – Омар Шейхтың паңырағында дүниеге келіп, 12 жасында 1494 жылы әкесі кенеттен қаза тауып, Ферғананың әмірі болған Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр аласапыран саяси тартыстардың ортасында жүріп 1530 жылы желтоқсанның 26-сы күні Агра қаласында дүниеден өтті. Бірақ та, тағдырдың жазмышы Кабулда жерленді. Бабыр ұлы саяси тұлға ретінде тайға тақпа басқандай етіп әлем энциклопедиялардан өз орнын алғандығын аса маңызды мемлекет қайраткер екендігін мойындатқандығы деп есептеуіміз керек. Мәселен, Иранның «Фәрһәнг-е мүйін» деп аталатын ең беделді энциклопедиялық кітабында оның авторы доктор Мұхаммед Мүйін: «Зәһиреддин Омар Шейхтың ұлы, Темір Көрекеннің бесінші ұрпағы Ферғанада 1482 жылы туды. 1530 жылы Үндістанда қайтыс болды. Ол Үндістанның Көрекен немесе Моғол империясының негізін қалаушысы ретінде 1525-1530 жылдар аралығында сонда билік құрды», – деп жазған. Бұл Бабырдың саяси істеріндегі, әлем саясатындағы бір қырының жаңғырығы іспеттес. Өйткені, оның құрған империясы ұрпақтан ұрпаққа 1526 жылдан бастап, 1858 жылға дейін Үндістанды биледі.

Зәһиреддин Бабырдың саяси тарихы жайлы «Тарихы Әлфи – мың жылдық тарих» атты кітапта кеңінен жазылған. Аталмыш кітап Бабырдың ұрпағынан шыққан. Үндістанды билеген Жалаледдин Мұхаммед Әкбар шаһ (1556-1605) ислам әлемінің жалпы мың жылдық тарихын пайғамбардың қайтыс болған жылынан бастап жазуға бір топ ғалымға тапсырма беріп, жаздырған туындысы. Бұл еңбекті жазуға көптеген ғалымдар қатысып, хижраның 993 (1585) жылынан бастап кетті. Кейін бұл кітап Қазі Ахмет Тәтәви мен Асефхан Қәзвини атымен жарық көрді.

Сондай-ақ иран ғалымдары Әмір Темір және оның ұрпақтарын ғылым, әдебиет пен өнерге айрықша көңіл бөлгендері үшін аса ілтипатпен еске алып жазады. Солардың қатарында Доктор Зәһиболлю Сәфаны атауға болады.

Ол «Иран әдебиетінің тарихы» атты көп томдық еңбегінде Әмір Темірдің Иранда жүргізген саяси әрекетімен бірге темір ұрпақтарының иран әдебиетіне тигізген әсерін егжей-тегжейлі әңгімелейді. Онда: «Темір әулеттерінің патшалары мен шахзадалары әдебиет пен өнерге көңіл бөліп жүргендері олардың табиғатында бар сияқты мінез-құлықтарымен астасып жатыр», – деп тұжырым жасаған.

Әмір Темір әулеттерінің әдебиет пен мәдениетке құштарлығы Иран, Үндістан және Орталық Азия елдерінен әлемдік өріске шыққандығы айқын. Мәселен, «Cambridge» университетінің зерттеуші ғалымдары «Иран тарихы, темірліктер дәуірі» атты кітабында «Иран тарихы темірліктер дәуірінде көбінесе идеологиялық, діни және мәдени өзгерістермен қабысып жатқандығы үшін маңызды» екендігін айтады. Бұл дәл айтылған түйін. Өйткені темірліктердің дүниетанымы, мәдениет сүйер болғандықтары ислам әлеміне, оның ішінде иран еліндегі түбегейлі өзгерістерге негіз болған-ды. Ағылшын ғалымдары «Иран тарихы – Темірліктердің дәуірінде» атты еңбегінде «Бабырнаме» кітабын: «Заһиреддин Бабыр естеліктері 1494-1529 жылдар аралықтағы кезеңді қамтиды. Ол Бабыр оқиғалары немесе «Бабырнаме» атауымен әмірбаян, тарих пен жағрафия жайында өте сенімді мәліметтер бергені үшін аса құнды еңбек болып танылады», – деп бағалайды. Әрі өздерінің зерттеулерінде «Бабырнамені» негізгі әдебиеттер қатарында пайдаланған. Сондықтан темірліктердің де, Бабырдың да Үндістан, Иран, Орталық Азиямен бірге әлем өркениетіне қаншалықты әсерлі болғанын жаңаша түрде тереңдей зерттеуге әбден болады. Әмір Темір шахзадаларының көпшілігі көңілге қонымды да тартымды өлең жырлай алатын шайыр немесе әдебиет сүйер, тым болмаса ақынжанды адамдар болған. Олардың парсы мен түркі тілдерін жетік білгендерінің арқасында парсы тілі мен әдебиетінің де Түркістаннан Үндістанға дейінгі аралықта кеңінен өріс алуына септігін тигізді. Бұның өзі түркілердің әлем әдебиетіне парсы поэзиясы арқылы да өз үлесін қосып отырғанын көрсетеді. Түркі, парсы әдебиті мен мәдениетінің бір-бірімен ұштасып, араласып жатқандығы жайында француз ғалымы Рене Гроссе: Орталық Азияның моғолдар тарихын Хайдар Мырза «Тарих-и Рашиди» атты еңбегін де парсы тілінде жазды. Есесінде оның көрші досы Бабыр өз естеліктерін «Бабырнамені» түркі, шағатай тілінде жазған-ды. Осының өзі шығыс Түркістан мен Мауэроннәһр парсы әдебиетімен етене жақын қарым-қатынаста болғандығын байқатады. Алайда Самарқан мен Бұхара әдебиетінің алтын ғасырындағы дүниеге келген құнды әдеби-мәдени туындылары Әмір Темір әулеттерінің осы саладағы ерен еңбектерімен тікелей байланысты екендігін де атап көрсетеді.

Қазақта: «Тақыр жерге шөп шықпайды» деген мақал бар. Сол айтпақшы Бабыр текті орғаның түлегі болғандығын жалшы алғанда, Темір ұрпақтарының мәдениет пен әдебиетке, руханият пен өнерге ерекше көңіл бөліп, оның дамуына үлкен күш жұмсағандарын айтуға болады. Бабыр билік пен байлық имансыз адамдардың рухани азып-тозып кетуіне жол ашатындығын өзінің сан қырлы өмір жолымен көрсете білді. Екіншіден, парсы, түркі тілдерінің майталман ақыны әрі қаламгері ретінде Әмір Әлішер Науаи, шаһ Исмайыл Сәфәви (Хатаи) сынды түркі ақындарының қатарында XV-XVI ғасырдағы түркі әдебиетінің шыңынан биік тұлға кейінде көріне білді. Мұхаммед Бабыр нағыз «сегіз қырлы, бір сырлы» дарын иесі екендігін

де танымал түрік ғалымы Фуат Көшірлі: «Бабыр табиғаттың әрбір қырының игілігін көрген, жан-жақты дарын иесі еді. Семсер ұстауда, оқ атуда, тұлпар мінуде, адам жанын ұға білуде, жеке немесе топтасқан адамдарды басқара білуде асқан қабілетті, өзіне және өзінің ұстанымына шексіз сенімді болған. Ол өмірінің әрбір қиын сәттерінде бір нәрседен айырылып қалғандай жағдайға душар болып, бәрі күйрегендей көрінгеннің өзінде Алланың жәрдемінен үміт үзбеген. Қатал, залым адам болмаған, керексіз жерде қан төкпеген, өртеп, күйретуді ұнатпаған. Бірақ, бір нәрсені нағыз қажет деп сезген кезде ең қатаң шараларға да барудан бас тартпаған», – деп Бабырдың кісілігін, ұстанымын, дарынан суреттейді.

Бабыр бар-жоғы 47 жыл өмір сүрді. Қысқа ғұмырында барлық саяси тосын уақиғаларға тойтарыс бере отырып, өпшестей құнды еңбектер жазып, мұра қалдырды. Қазақта: «Ғалымның хаты өпшейді, жақсының аты өпшейді» деген мақалы бар. Сол айтқандай өлеңдер жинағы, әдебиет теориясы, тарихи оқиғалар, жағрафиялық мәліметтер беретұғын көптеген туындылары күні бүгінге дейін зерттеуші ғалымдардың назарынан тыс қалған емес. Яғни «Бабырнамені» алғаш рет XV ғасырда Әбдірахман хан парсы тіліне тәржімалап «Вақеат-е Бабери» (Бабыр дәуірінің тарихи уақиқалары) деп атап кеткен болса, кейін «Бабырнаме» атауымен дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылды. Оған қатысты ғалымдар Бабырға арналған еңбек тізімін жазған шығар деп ойлаймыз.

«Бабырнаме» Үндістан мен Орталық Азия үшін құнды тарихи еңбек болып есептеледі. Әлемде пығыстанушы ғалымдарының «Бабырнаме» тарихнамесін пайдаланбағандары некен-саяқ деуге болады.

Бабыр қатардағы патша, қолбасшы, ақын, жазушы болмаған. Ол асқан қабілетімен бірге адамдық қасиетінен де мол несібесін алғанын өмір жолынан көреміз. Бабырдай тұлғалы адамның жақсы болуы да үлкен киеліліктің белгісі. Өйткені сондай даңққа ие бола тұра шайтани нәпсіге берілмей адамдық пәк жанын тақуа мінезімен сақтай білу тек қана мықты сенім, имандылықтың арқасында мүмкін болады. Сол үшін Бабырдың жақсы адами қасиеттерімен де аты өпшейді. Бабырдың кешірімді, кең пейілді жан екендігін Мырза Хайдар Дулат пен оның әкесі Мұхаммед Хүсейін Мырзаға қатысты оқиғалардан білуге болады. Сондай оқиғаның бірі Кабулда Шаһбегім мен оның ұлы Мырза ханның Бабыр патшаға қарсы жасаған бүлікшілігіне қатысты. Бабыр патша «Бабырнамесінде» Мұхаммед Хүсейін Мырза туралы өзіне қарсы сәтсіз аяқталған төңкерісіне байланысты: «Мұхаммед Хүсейін Мырза опасыздық, сорақы іс жасап, сойқанды бүлік шығармақ болды. Әттең, мұны жексұрындық қылығы үшін сазайын тарттырып, қыл шылбырдан бұғау салып, өкіртіп, кескілеп тастаса сауап болар еді. Бірақ қол жіпсіз байланды, мұнымен қарға тамырлы жекжаттығымыз бар-ды! Ол менің туған нағашы апам Хуб Нигар ханымның күйеуі еді, одан ұл-қыз көріп отырған-ды; олар бөлелерім емес пе? Сол

жекжаттық жағдайды ескеріп, Мұхаммед Хүсейін Мырзаны жазадан құтқарып, Хорасанға аттануға рұқсат еттім. Бұл – опасыз, адамгершілік ардан жүрдай пақыр, оған көрсеткен жақсылығымды, өлімнен құтқарғанымды ұмытып, мені ханға жамандап, арызданыпты; біраз уақыт өткеннен соң хан оны өлтіріп, сазайын тарттырды» деп жазды. Міне осындай келеңсіз оқиғаларға қарамастан Мұхаммед Хүсейін мырза қаза тапқан соң жетім

болып қалған оның ұлы мырза Мұхаммедті әкелік ілтипатпен Мырза ханның жанынан өз сарайына алдырып мейір құшағына ендіреді. Мырза Хайдар өзінің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде сол бір тауқыметті жылдар жайында жазғанда Бабыр патша оны қалай қарсы алғандығын қандай қошемет көрсетіп, сөз айтқандығын: «Сен өмірдің қайғысын әшкемнің күйеуі азаппен өлгенде көрдің, әрі бауырларым мен ағайындарымның шәһид болғанын көріп, тауқыметін бастан өткердің, құдайға шүкір, міне аман-есен маған жеттің. Енді олардан айрылып қалдым деп мұңайма, орнын ауыстырар мен бармын. Олардың көрсететін мейір шапағатын енді мен көрсетемін. Бәлкім олардан да артығырақ жасармын.

Сонда кейін ол мені еркелетіп, бауырына басқаны сондай жетімдік мұңы мен жоқшылық азабын мүлдем естен шығардым», – деп жазған. Бабырдың бұл бастамасы Мырза Хайдардың келешекте үлкен қолбасшы, тарихшы, қаламгер болып қалыптасуына негіз қалағандығы сөзсіз.

Қазақта «Жақсыдан шарапат» деген сөз бар. Бабырдың жақсылығының шарапатынан Мырза Хайдардың тұлғалы адам болып тарих беттерінен орын алғандығын айта аламыз.

Жазба деректерге қарағанда қазақ тарихына қатысты «Бабырنامه» еңбегін ойшыл-ақынымыз Абай Құнанбайұлы «Қазақтың қайдан шыққаны туралы» атты әңгімесінде пайдаланғанын білеміз. Сонда кейінгі жылдары Бабыр шығармаларын қазақ қаламгері мен ғалымдары жанама түрде дәнекер тіл арқылы пайдаланып келді. Тек қана 1990-1993 жылдары «Бабырنامه» кітабының қазақша нұсқасын оқуға мүмкіндік алды. Ал, Мұхаммед Бабырдың басқа еңбектері әзірше қазақ тіліне тәржімаланған емес. Бұл да болса қазақ әдебиеті мен тарихы үшін сәтін күтіп тұрған келелі жұмыстардың бірі болып табылады.

Сөз соңында айтарымыз Бабыр ірі тұлға ретінде саясат пен әдебиетте, парасатты сардар ретінде соғыс майдандарында көріне білді. Сондай-ақ адамзат тіршілігіне жасаған игілігі де сауда-саттық қатынастарға ұстанған саясатында да һәмде Кабулдағы табиғатқа сыйлаған «Бабыр бағында» көрініс тапты. Дос-жарандарға да, ағайын-жекжатқа да барынша мейірлі болды. Жақын ағайындарының адамзатқа жат қылықтарын сынай да білді. Соның бірі өзінің немере ағасы Сұлтан Махмұт мырзаның адамзатқа жат қылықтарын «Бабырنامه» кітабында бүркелемей-ақ сынайды. Ал өзінің бойын жамандықтан аулақ ұстап жүргені үшін де өзін кейде жалғыз сезініп, бір Алламен сырласуға жүгінеді. Сондықтан илаһи махаббатын сопылық сарындағы поэзиясына өзек ететін-ді. Сөйтіп бүкіл әлемге өзінің әйгілі «Бабырنامه» еңбегімен бірге өлеңдер жинағы «Диуан», «Аруз рисаласы», «Мұбаиын» атты мәснәвийн ханәфи фикһы негізінде жазып, Қожа Ахмет Аһрардың «Рисалейе Вәлидие» атты еңбегінде парсышадан түркі тіліне

## **Жеменей И. Бабыр бейнесі әлем шарында**

тәржімалап, мұра қалдырды. Бұның бәрі Бабырдың өшпес дүниеуи және рухани өмірінің табысты жемісі екендігін айғақтайды. Міне осындай күрделі өмірдің аясында Ферғана перзенті бүкіл түркі әлемінің мақтанышы, адамзат қазынасының рухани мирасы болып қала бермек.

Бүгін Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың 525 жылдық мерейтойы өзінің туған әрі билік құрған өлкесі Ферғананың астанасы болған Әндіжан шаһарында өткелі жатыр. Бұл күндері оның «Бабырنامه» тарихи шығармасының дүниеге келгеніне 478 жыл толады екен. Бұның өзі Бабырдың осындай бағалы еңбегінің бес ғасырға жуық адамзат тарихымен рухани әлеміне өлшеусіз үлес қосып келе жатқандығының белгісі болып табылады.

Мен де осындай тарихи күнді Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр атамыздың туған аймағында салтанатты тойына қатысып отырғаным үшін өзімді бақытты санаймын. Сондықтан көптеген ғалымдарды қатыстырып, Бабырдың ұлық рухына құрмет көрсетіп осы «Симпозиумды» ұйымдастырушы «Халықаралық Бабыр қорына» өзімнің және әріптестердің атынан ризалықпен алғыс айтуымызға рұқсат етіңіздер. Сөзімізді Алла тағала бабамыз Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың жанын жәннатта қылғай деген тілекпен аяқтаймыз.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Доктор Мұхаммед Мүйін, «Фәрһәнг-е фарси», V-том, Тегһран «Әмир кәбир», 1375ж.
2. Доктор Зәһиһолла Сәфа, «Иран әдебиетінің тарихы», IV-том, Тегһран «Фирдауси», 1364 ж.
3. Ahmet Kabaklı, «Түрік әдебиеті», II-том, Istanbul, 1983 ж.
4. Ислам Жеменей, «Мұхаммед Хайдар Дулат – тарихшы-қаламгер», А, «Зерде», 2007, 360 бет.
5. Қазі Ахмет Тәтәви, Асеф хан Қәзвини, «Тарихы Әлфи», Тегһран, «Фекр-е руз», 1378, 868 бет.
6. Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр, «Бабырنامه», Қазақ тіліне сөйлеткен: Байұзақ Қожабекұлы, А, «Ататек», 1993, 448 бет.
7. Рене Гроссе, «Далалақтардың империясы», ауд: Әбділхүсейін Мейкәде, Тегһран «Илми-фәрһәнг», 1365 жыл, 1016 бет.
8. «The timurid and safavid periods» University of Cambridge, «Иран тарихы, Темірліктер дәуірі», аударған: Доктор Яқуб Ажәнд, Тегһран, «Жам», 1379 жыл, 467 бет.
9. Абай шығармалары, II-том, А., «Жазушы», 2004 жыл.
10. Мырза Хайдар Дулат «Тарих-и Рашиди», ауд: И.Жеменей, редакциясын басқарған: Ә.Дербісәлі, А., «Тұран», 2003жыл, 616 бет.

### **RESUME**

#### **I.Zhemenei (Taraz)**

#### **The Character of Babyr in the whole world**

The autor deals with the historical importance of Zahreddin Babyr and his famous «Baburname».